

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 125 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 15 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5304 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.04.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз .

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3822 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 99 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4238 тіркелген), "Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары жөніндегі ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 30 шілдедегі N 269 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 110 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4723 тіркелген) , "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 155 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4803 тіркелген) қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу, облигациялар шығарылымының күшін жою қорытындылары жөніндегі ережеде:

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы Ереженің мақсаты үшін "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағ аларынан ө зге, сондай-а қ у ә кілетті органмен "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының рейтингтік бағалары танылады (бұлдан әрі – басқа қаулыларымен өзгерістерінде);

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "A"-дан төмен емес ең төменгі кредиттік рейтингі не басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін мыналарды

ұсынады:";

6-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

13-тармақта "B"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" жіктеу бойынша) немесе B2-ден ("Moody's Investors Service" жіктеуі бойынша)" деген сөздер "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "B"-дан немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

15 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздарымен;" ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "BВ"-тен

төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-тен тө мен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акцияларымен;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-тен тө мен емес рейтингтік бағасы бар базалық активі Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттармен;

қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акцияларымен;

базалық активі қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші және/немесе екінші санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары болып табылатын депозитарлық қолхаттармен;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzB"-тен тө мен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының жаңа не басқа мемлекеттердің заңының сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалалық аздарымен;

қор биржасының ресми тізімінің "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоғары борыштық бағалалық аздар" шағын санатына енгізілген Қазақстан Республикасының жаңа не басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалалық аздарымен";

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ипотекалық облигациялардың қамтамасыз етуге енгізілетін бағалы қағаздардың және ақшаның құны айналысқа түсү процесінде қамтамасыз етудің жалпы құнының 20%-ынан астам емес болуы тиіс.";

4-қосымшада:

"

Ұлттық бірегейлендіру номірлерін көрсете отырып	эmitenttiң қор биржасына листингтің неғұрлым жоғары	санаты бойынша енгізілген бағалы қағаздары туралы	деректер
---	---	---	----------

","

деген жол мынадай жолмен ауыстырылсын:

"

Ұлттық бірегейлендіру нөмірін және енгізу күнін көрсете отырып, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына енгізілген эмитенттің акциялары туралы мәліметтер	
---	--

"

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сарсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он қундік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" Заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

E. Бахмутова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК